

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДІҢГЕГІ

немесе «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдер



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың хакім Абайдың 175 жылдығына арнап жазған мақаласы көзіқарақты азаматтарды, зиялы қауымды, өзінің тағдырын ұлтының тағдырынан бөліп алып қарамайтын жандардың ешқайсысын да бей-жай қалдырмады-ау деп ойлаймын. Хакім Абай қазақ халқының рухани кемелденуі үшін бүкіл өмірін сарп етті десек, артық айтқандық емес. Абай өмір сүрген заманда қазақ халқының саяси-әлеуметтік ортасы бодандық қамытын мойнына ілген кез болатын. Ақын өз шығармаларымен қазақ халқына, Шығыс және Батыс елдеріне танылса, М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы Абай өмір кешкен заман сырын дүние жүзіне ұғындыра білді.

Осы ретте «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдік материалдарды өз алдына қарастыру халқымыздың ұлттық мәдениетінен қыруар мағлұматтар берері сөзсіз. Айнала қоршаған ортаның тылсым сырлары Әуезов назарын өзіне аудартпай қоймаған тәрізді. Эпик қаламгер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасай отырып, сол арқылы Абай заманындағы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра суреттеген. Жазушының стилі өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасып, оның суреткерлік таланты соның нәтижесінде дамығандығын байқау қиын емес. Мәселен, «Мөлдір сулы өзені бар, шалқия төстiген кен өзен. Қырғыз шағы тоғайлы, өзен сулы, үлкен жақпар қия тасты бір терең сай. Осы тұсты «Кіші әулие» дейді. «Қоңыр әулие» дейтін үлкен үңгір, Тасболат деген елдің қыстайтын мекеніндегі үлкен үңгір. Шыңғыс сыртындағы өзен Бақанас; Көксенгір – Шыңғыстың сыртындағы биік тау. Шыңғыс сыртындағы өзен Байқошқарға дейін көшіп барыспақ, ол бұл өңірдегі тобықтының үлкен өзені. Боқай тауы Өртеңнің күн шығысында, Тоқымтыққан – Өртеңнің сарша биігінің күншығысындағы көкшіл қоңырқай тау. Жыланды – Қызылқайнар тұсында. Бірғызбайдың қонысы» деген сөйлемдерден тұтас бір өңірдің жер-су аттарымен таныса аласыз.

Эпопеяда жер-су атаулары тарихи шындыққа, өмірдегі нақты құбылыстарға құрылған, сонымен қатар болған оқиғалар мен өмір сүрген тұлғалар да арқау болған. Жазушы тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сыр-сипатын тани білген. Шығармадағы жер-су атаулары туралы тарихи шындық – көркемдік тәсілмен берілген өмір шындығы деп түсіну керек. Жазушы эпопеяда



жер-су аттарын тек оқиға желісіне арқау ретінде ғана пайдаланып қоймай, олардың саяси-әлеуметтік мәні мен халықтық ұғымға лайық мағыналық сырларына да ден қойып, кеңінен сипаттайды. Романның көптеген жерінде кейбір жер-су аттарының қойылу сырын, олардың нақты тұрағын, орналасқан шегін түсіндіріп беретініне де куә боласыз. Мәселен, Қандар сайы – Тобықтының барымташылары асқан тоғайлы, шалғынды ұзын бір сайын «Қандар сайы» деп атаған. Күйметас – Арқат тауының құзы, құздың биік басы мен төмені әдейі қырланған күймедей боп біткендіктен «Күйметас» деп аталатын. Қопа – Күйметастың шығыс жақ баурайындағы кең қоныс. Қопа кең шалғынды, мол сулы, мөлдір бұлақты және тауға қараған төрінің көбі тал, терек, жасыл, әсем, жас тоғай. Тайлақбай құдығы мол ауылға қоныс болғандай алқабы кең, ойдым-ойдым көгалы көп және суы да, құдықтары да жеткілікті қоныс. Қаршығалы сияқты қонысты Бөкеншіге жігіттен алып берген.

М.Әуезовтің жан дүниесі, оның әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы оқырманды табиғатпен етене жақындастырды. Сондықтан да болу керек, эпопеяда айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары оқырманның назарын өзіне аудармай қоймайды. Бір жерлерде табиғаттың пейзаждық суретін жасаса, енді бір жерде сол топонимдер арқылы қоғамдық өмірді, адамның көңіл-күйін астастыра білген.

Роман-эпопеяда төрт жүз елудей антропоним, екі жүз алпыстан аса топоним кездеседі екен. «Абай жолы» эпопеясының жиілік сөздігін жасаған авторлардың мәлімдеуінше, антропоним, топоним, этнонимдердің жалпы саны бір мыңнан асып түседі. Ауыл сөзі эпопеяда 1726 рет аталса, жер – 1220, болыс – 486, дала – 296, қыстау – 219, қоныс – 158, өзен 113 рет қолданылған. Осыған байланысты қазақ қоғамында ұлттық-мәдени дәстүрді жаңғырту мақсатында эпопеядағы қазақ халқының басынан өткен тарихын, рухани мәдениетін әр қырынан тереңдете қарастыру, этимологиялық, этнолингвистикалық, лингвомәдени сабақтастығын ашу, ғылыми негізде қарастыру аса қажет.

Эпопеяда жер-су атаулары, табиғат көрінісі – халқымыздың қазыналы, мәдени байлығы, тілі мен тарихының қайнар бұлағы. Олай болса, роман-эпопеядағы бай материалды жинақтап, танымдық тұрғыдан қарастыру ұлттық топонимдердің сыр-сипатын, халқымыздың әрбір нысанға ат қоюының мән-мағынасын терең зерттеу үшін аса қажет, құнды дерек болып табылмақ.

Болатбек ТЛЕУБЕРДИЕВ,
М.Әуезов атындағы ОКМУ-дің филология факультетінің деканы, филология ғылымының докторы, профессор.